



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Әлемдік экономиканың
атлантикалық өлшемі



Дәрістің мақсаты: жаңа заман кезеңіндегі Атланттық құрлықтағы әлемдік экономиканың дамуын сипаттау.

Кілт сөздер: әлеуметтік құлдық, қант құрағы, меркантилизм, орта жол, саботаж, макамбос, плантация.

Алдында атап өтілгендей, Еуропалықтардың Америкаға келуінің негізгі салдары – Американың байырғы тұрғындарының күрт жойылуы еді. Афроеуразия демографиялық өсім жағдайында болса, Батыс жарты әлемі керісінше халқы 98%-ға азайды.

Екі ғасырда (XV–XVI ғғ.) Американың демографиялық бейнесі жан түршігерлік түрде өзгерді. Америкадағы үндістердің азаюы Еуропадан жауынгерлер, корольдік шенеуніктер, миссионерлер, шахтерлар, аңшылар, қолөнершілер, плантациялық кәсіпкерлер мен жұмысшылардың жаппай ағылып келуіне жағдай жасады. Еуропадан бақ іздегендер Потоси сияқты күміс таулардың қорларын игеруден ғана емес, коммерциялық ауылшаруашылығы үшін тиімді тропикалық жерлерден табыс табуға да ұмтылды. Бірақ еуропалық иммиграцияның көлемі жұмыс күшімен толық қамтамасыз ете алмады. Аз санды еуропалықтар байлықсыз, қажетті дағдыларсыз немесе нақты мақсаты болмай, тропикалық Америкаға миграциялауға ұмтылды, ал Америкада оларды ауыр жұмыс пен тропикалық аурулар күтіп тұр еді. Мигранттардың қатарында көбінесе ер азаматтар басым еді. Америкада алғашқы жүзжылдықта бала тууы төмен деңгейде болды. Мұның барлығы отарлық билік алдында жұмысшы күшінің жетіспеушілігі мәселесін туғызды. Әсіресе Америкада ашылған күмістерді өндіру шахталардан бастап табак плантацияларына дейін көп адами ресурстарды қажет етті. Бұл мәселенің шешімі көп күттірмеді. Плантаторлар, шахта иелері мен басқа да отарлық капиталистер Африкада қажетті жұмысшы күшін тапты. XVII–XVIII ғасыр бойы әкелінетін қара құлдардың саны өсе бастап, 1500–1820 жылдар аралығында күшпен әкелінген африкандықтардың жалпы саны Батыс жартышарына қоныстанған еуропалықтардан бірнеше есе асып түсті.

Еуропалықтар Африкадан келген құлдарды соғыспай-ақ, сауда арқылы иемденуге болатынын түсінді. Саудагерлерге құлдарды әскери тұтқындардың қатарында алтын, піл сүйегі мен басқа да тауарлармен бірге сатқан африкандық саяси элита олардың одақтастары болды. XV ғ. соңы – XVI ғасырдың басында португалиялық кемелер Африкалық құлдарды плантациялық жұмысты жасату үшін шығыс атлантикалық жағалауларға әкелді. Олар Еуропаға да жеткізілді. Мысалы, 1550 ж. Лиссабон шамамен 10 мың тұтқындағы африкандықтар кіргізген болатын, олардың көпшілігі үй жұмысшылары, ферма жұмысшылары немесе қолөнершілердің көмекшілері ретінде қызмет етті.

XV ғасыр соңында – XVI ғасыр басында Португалия кемелері Африка құлдарын Шығыс Атлант аралдарындағы плантациялық жұмыстарға пайдаланды. Олардың көп бөлігін Еуропаға тасымалдады. Мысалы, 1550 жылы 10 000 құлға айналған африкалық тұрғын өмір сүрді, олардың дені үй қызметшілері, ферма жұмысшылары, қолөнершілердің көмекшілері еді. 1520 жылдан кейін Еуропа экономикасының Америка территориясына эксплуатациясы қарқындап, еңбек күшіне деген қажеттілік тоқтаусыз өсті. Құл тасымалымен айналысатындар Канар аралдары мен Португалиядан гөрі, Бразилияға немесе Кариб теңізіне шығып көп пайда табатынын осы сәтте ұқты.

Модернизмге дейінгі кезеңде Афроеуразия мен Америкалардағы көптеген аграрлық қоғамдар әлеуметтік құлдықтың әртүрлі формаларын пайдаланды. Сіздер әлеуметтік құлдық дегенді қалай түсінесіздер?

Әлеуметтік құлдық дегеніміз бұл – жеке адамның немесе белгілі бір топтың адам еңбегін немесе қызметін пайдалану құқығы жағдайын айтамыз. Әлеуметтік құлдық әртүрлі сипатта болуы мүмкін, оның ішінде құлдық, крепостнойлық құқық т.б.

Тарихшылар алдында осы уақытқа дейін жаңа атлантикалық құл саудасының африкандық құл саудасымен байланысы туралы мәселе әлі тұр. Кейбір құлиеленушілік барлық жерді қамтып, оның тамыры тереңге кетті. Сондықтан еуропалықтардың келуімен құл саудасының бағыты солтүстік африкандық пен таяушығыстық аймақтардан атлантикалық жағалауларға өтті деп есептейді. Басқалар қажетті деректердің жоқтығын сылтау етіп, егер құлиеленушілік



болғанмен де, еуропалықтардың келуімен ол сапалық түрде жаңа деңгейге көтерілді. Басқаша айтқанда, әлемдік экономикадан шет қалмау үшін африкандық билеушілер құлиеленушілік пен сауда көлемін елеулі түрде өсіруге ынталы еді. Еуропалықтар африкалық саяси элитаға бас тарта алмайтындай ұсыныстар жасады. Африкадан келген құлдар перулік, мексикалық шахталар мен кен орындарында ғана емес, Бразилияда және Кариб аралдарындағы қант құрағы плантацияларында пайдаланылды.

Құлдардың көп болғаны жайлы мәселені сынайтындар да бар, олардың пікіріне сүйенсек, Батыс және Орталық Африкада, мәселен 1450 жылы, қисапсыз құл болғаны туралы тарихи деректер шектеулі және даулы. Әлеуметтік құлдық институттары бірнеше формада болды, «ерікті емес» адамдар категориясына жататындардың барлығына жуығы құл ретінде сипатталуы міндетті емес дейтіндер де бар. Бұл ғалымдар тропикалық Африкада еуропалықтар алғаш келгенге дейін құлдық кеңінен таралса, XVI–XVIII ғасыр аралығында құлдық неліктен соншалық көбейді деген сауал туындайды. Тарихшылар Еуропа саудагерлері африкалықтарға қыспақ көрсетіп, іскер билеушілер, ауқатты саудагерлер және қаруланған қарақшылар құл саудасында бас тарта алмайтындай бағамен сатуға ұсыныстар жасаған процесін ғана көрген сияқты. Басқаша айтқанда, Африка билік иелері мен байлары Атлантика экономикасын кеңейтуге атсалысуға ниет білдірсе, бұған ішінара құлдарды сату арқылы ғана үлес қосар еді.

Қант патшалығы

1500 жылдардың ортасында еуропалықтар әлемдік нарыққа қажетті ауылшаруашылық өнімдерді өсіруі үшін плантацияларды аша бастады, соның ішінде қант, табак, индиго, күріш, бидай, мақта, какао мен кофе болды. Кейінгі онжылдықтарда қант құрағы Американың ең бағалы экспортталатын ауылшаруашылық мәдениетіне айналды.

Қант құрағы б.з.д. бірінші мыңжылдықтың басында Оңтүстік-шығыс Азиядағы ауылшаруашылық мәдениет ретінде орта ғасырдың соңында Еуропаға жетеді. XV ғасырдың соңында португалдықтардың арқасында қант құрағы таяуда ғана ашылған Сан Томе аралындағы плантацияда өсіріле бастайды. Бұл арал Орталық Африканың құлдарын плантаторлардың пайдалануға байланысты қант құрағына қатысты кейінгі операциялардың «лабораториясына» айналды. XVI ғасырда шығыс Атлантикадан құрақ Бразилияға өтеді. Қант құрағы – одан жасалынған өнімдер қант пен паток бірден экспортқа жіберілетін американдық «астықтардың» арасында ең табыстысы болады.

Португалдық, испандық және италиялық кәсіпкерлер де Шығыс Атлант аралдарында құнарлы вулкандық топырақта қант өсірді. Бұл өндірушілер ірі капитал салымдарын біріктіре отырып, көп жағдайда қатаң бақылаудағы құлдар атқаратын техникалық күрделі диірмен механизмі, кіші басқару және қарқынды еңбек сияқты өндірістің бірнеше әдістерін қолданды. Мадейра аралдарында техникалық мамандар көлденең роликтер арасында қант құрағын ұсақтау арқылы қант шырынын алу процесін дамытты. Жұмысшылар шырынды сынап қазанға құйып, қара қоймалжың шырын немесе меласса болғанша қайнататын. Өнімді рафинаттау үшін қыш құмыраларға құйып, олар біртіндеп кеуіп, қатты нығыздалған кристалдардан тұратын «түйіршіктер» қалдырып, жинауға дайын болады.

1485 жылы португалдық капиталистер Орталық Африка жағалауындағы Сан-Томеде қант құрағын еге бастады. Бұл сәтті тәжірибе екі нәрсені көрсетті. Біріншіден, плантаторлар қантты Еуропадан 1300 милльде де жинап, өңдей алады және үлкен табыспен сатылымға жіберуге болады. Екіншіден, олар Конго корольдігінен алған африкандық құлдармен осы жұмысты жасай алды.

Құлдар, қант пен күміс кейіннен португалдықтар ұсынған «үшбұрышты сауданың» негізін салады. Португалдықтар Лиссабоннан Африкаға тоқыма заттар мен металл заттар жүгілген кемелермен сапарға шығып, ол заттарды құлдарға ауыстырды. Сосын Атлантиканы өтіп, құлдарды қайта күміс, қант, табак пен басқа да американдық тауарларға сатады. Мұның барлығы қантқа сұранысы артқан Еуропаға жеткізілді. Бұл Батыс жартышарындағы қант құрағының саудасын арттырды. Ал оны өңдеу өз кезегінде құл саудасын күшейтті. «Үшбұрыштық саудадан» түскен табыс басқа да еуропалық ойыншыларды тартты.



Кемелер Лиссабонға мата, металл ыдыстар және т.б. тауарлар артып келетін еді. Олар бір немесе бірнеше Африка порттарына аттанып, тауарларын құлдарға және Африканың басқа да өнімдеріне айырбастап отырды. Атлант мұхитын асып барып, құлдарын күміс, алтын, темекі, индиго, терілер, маржандар мен Американың өзге де заттарына айырбастап, Еуропаға қайтатын. Ұшы-қиыры жоқ құнарлы жерлері мен ағаштың мол қорын шоғырландырған Бразилия – қант жасайтын қазандықтарды пайдаланудың қолайлы аймағы еді. Кәсіпкерлер өндірісті арттырып, өндіріс технологияларын дамытқандарына орай, шығындар азайып, табыс өсті. Жылдам жүріп, шағын экипажды қажет етіп, тауар айналымы үшін үлкен кеңістіктерді бағындырған кемелер араға жиі-жиі қатынап, трансатланттық көлік шығындарын да төмендетті. 1571 жылы Португалия қазіргі Ангола жағалауында Луанда отарын құрып, жергілікті африкалықтармен бірігіп қашқан құлдарды тұтқындап, портқа жеткізді. Осы жерден капитандар Бразилияның батысымен өтетін желдерді жүзу үшін пайдаланды. Кейін келе Ангола – Португалия плантациялары үшін негізгі еңбек күші орталығына айналды. 1620 жылы Бразилия қант өндірістері 15 000–22 000 тонна қант өндіретін еді. Сол сияқты, Еуропаның қантқа қажеттілігі арта бастады. Ол ерлер мен әйелдерге жылдам энергия беретін, ағзаға баяу сіңетін, шай мен кофе іспетті «есірткі тағам» болды.

1621 жылы Вест-Инд компаниясын құрған голландықтар, Барбадос деген кішкентай аралда қант құрағын өсіруді бастаған ағылшындар, осы мақсатта Карибитік арал – Мартиниканы жаулап алған француздар да қант аумағының үлкен бөліктерін иемденіп қалғысы келді. Кариб бассейні алып мемлекеттер арасында қант құрағының табысты плантацияларына иелік ету құқығына ғана емес, шетелдік плантаторларға құлдарды сату құқығына ие болу үшін табанды күрестің алаңына айналды. Бұл күрес ашық әскер мен флоттың қақтығысымен аяқталмады. Соғыс арасындағы үзілістерде, XVII–XVIII ғасырларда еуропалық державалар меркантилизм саясатына жиі жүгінетін болды.

Меркантилизм – экономикалық доктрина. Еңбекті қанау арқылы дүниежүзі байи алмайды. Мемлекет бәсекелес елдерді отар және өз сауда торабынан алшақ ұстау үшін белгілі бір шектеулер қоюы керек деген идеяға сүйенеді.

Ол бойынша мемлекеттің күші олардағы алтын мен күміс сияқты қымбат металдардың көлеміне байланысты деген қағида басшылыққа алынады. Металдар тікелей – кен орындарынан немесе ауылшаруашылығы мен индустрия тауарларын сату арқылы алынды. Осылайша металдың табиғи қорлары бар ұлттық экономикалар экспортқа көбірек шығарып, импорттық тауарды барынша аз сатып алуы қажет еді. Протекционистік салықтар шетелдік жетекші мемлекеттерге метрополияның ішкі нарықтарына кіретін жолды жапты; отарлар арзан шикізаттың өндірушілері мен метрополиядан әкелінген өнімді өткізу нарығына айналды. Нәтижесінде меркантилдік жүйе шеңберіндегі көрініс – бай шикізат базасы, әлсіз мануфактуралық өнеркәсібі мен халықтың жоғарғы өсу қарқыны бар отарлар болды, яғни Кариб аралдарындағы қант құрағына бөлінген аумақтарға ұқсас отарлар болды.

Батыс жартышарында құлдарға сұраныс жоғарғы деңгейде болып қала берді. Бұл жағдай отарлық шикізаттық экономикалардың динамикасына ғана қатысты емес. Африкадан әкелінген құлдардың көп бөлігін ер азаматтар құрағандықтан, табиғи өсім төмен болды. Сонымен қатар, тропикалық жағдайда өлімнің деңгейі жоғары еді. Сондықтан африкандық құрлықта туылған «бірінші толқын» құлдар, ұрпақ қалдырмай плантацияларда қайтыс болуы күнделікті көрініске айналды.

Коммерциялық ауылшаруашылық және құлдық

Құлдар еуропалықтар келгенге дейін Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкаға қарай құрлықтағы жолдармен жіберілетін. Енді құлдар Атлант жағалауына дейін жол кешті, сосын трансатланттық «middlepassage» өтуі тиіс еді. Американдық жағалауға дейін әрбір төртінші құл жете алмай жолда өлді. Ал плантациялардағы өмір ауыр еңбек пен ерте өлім дегенді білдірді. Құлдар сөзсіз өз қарсылығын көрсетті; олардың бағынбауы саботаж, қашып кету немесе сирек кездесетін ашық ереуіл сипатында болатын еді. Әдетте қашқын құлдар отарлық әкімшіліктің көзінен тасада қауымдар – португалша макомбос құрды. Осындай макомбастардың ең белгі-



лісі Бразилияның солтүстік-шығыс жағалауындағы Палмарис болды. 10 мыңдаған тұрғыны бар мемлекеттің ішіндегі мемлекет, Палмарис өз королімен басқарылды, өзінің армиясы мен қорғаныстық форттары болды. Португалдықтар ұзақ уақыт бойы бұрынғы құлдардың қауымдарына қарсы әскери әрекеттерді жүргізді; тек 1694 жылдың өзінде, жиырма жыл күрестен кейін олар Палмаристі жаулап алып, король тәжінің билігін қалпына келтірді.

Америкаға африкалық құлдарды күшпен әкелу меркантилситік саясаттың негізгі бөлігіне айналды. Португалиялық Бразилияда африкалық құл халықтың саны 1570 жылы 3 мыңнан ғасырдың соңына таман 15 мыңға дейін өсті. Құл импорты 1640 жылдан кейін Кариб бассейнінде де артты.

Америкада құл еңбегіне сұраныстың өсуіне екі жағдай себеп болды. Біріншіден, Америкада плантациялық экономика дамыды. Мұнда тек қант қана емес, сонымен қатар, темекі, индиго, мақта және басқа да экспортталатын тауарлар өсті. Екіншіден, Америкадағы африкалық құлдар саны табиғи түрде өскен жоқ. Плантаторлар ауыр егістіктегі жұмыстарға негізінен ер жынысты құлдарды импорттады. Құлға айналған ерлер саны әйелдер санынан әлдеқайда артық болғандықтан, өлім көрсеткіші туу көрсеткішінен асып түсті. (Әйелдер ерлермен салыстырғанда аз мөлшерде құрлық асқанымен, олар да құлдың зардабын тартты. 1820 жылға дейін Атлант мұхитын қиып өтіп, Америка асқан әйелдердің бестен төрті – африкалықтар еді.) Сонымен қатар, тропиктік плантацияларда құлдар жеті жылдан ұзақ уақыт өмір сүруі – күмәнді жағдайға айналды. Сол себепті, ұзақ уақыт бойы құлдар бағасы үздіксіз өсіп отырғанына қарамастан, плантаторлар Атлантика саудагерлерінен көп жұмысшы күшін саудалауды талап етті.

Бірақ негізінен африкалық билеушілер мен саудагерлер еуропалықтарға дейін әйелдер мен ер азаматтардың еңбегін қанаған еді. 800–1600 жж. аралығында мысалы шамамен 5 мың құлдар жыл сайын Сахара шөлін кесіп өтіп, алтын және басқа заттармен Мұсылман жерлеріндегі бай үй шаруашылықтарында, шеберханалары немесе әскери бөлімдерінде қызмет етті. Үнді мұхитының саудагерлері де Шығыс Африкадағы құлдарды Аравия, Мысыр, Парсы мен Үндістанға жеткізді. Сондықтан атлантикалық сауда мәжбүрлі миграцияны емес, керісінше оның афроазиялық бағыттан американдық бағытқа қарай елеулі қозғалысын сипаттады. XVII ғасырда Сахарадағы сауда төмендеді, бірақ 2,25 миллион африандық Америкаға алынды. Атлантикалық сауда өз шырқау шегіне 1780 жылдары жетті, ол уақытта 866 мың африкандық мұхиттық жол немесе «орта жол» арқылы өтті.

Атлант мұхитындағы саудада өлім көрсеткіші өте жоғары болғанына қарамастан, Африка жағалауынан кемеге отырғандар саны Америка жағалауынан түскендерден артық болатын. Афроеуразияның бірнеше бөлігінде құлдарға деген үлкен сұранысқа қарамастан, африкалық тұтқындардың басым көпшілігі неліктен Атлант базарларында сатылды? Кейбір аймақтарда басқаларға қарағанда құлдар не үшін көптеп сатылды деп ойлайсыз?

Ал құл саудасының өзі Африканың демографиясына, экономикасы мен саяси ландшафтына қалай әсер етті? Бірінші кезекте, Африка қарастырылатын кезеңде халық өсімін бастан кешпеді; керісінше халық саны төмендеді. Құлдық құрлықта миллиондаған сау ер азаматтардан айырған ең алғашқы себеп болды. Екінші себеп – құл саудасынан пайда тапқысы келгендіктен, құрлықтың ішіндегі соғыстар көбейді. Құл саудасы белгілі бір деңгейде экономикалық өсуге әкелді. Бірақ оның жемістерін көбінесе ру басылары, сауда элитасы көрді. Құлдар олардың бизнесінің бөлігіне, баюдың көзіне айналды. Құлдармен қамтамсыз еткен аймақтар депопуляция мен елеулі экономикалық рецессияны бастан өткерді. Құл саудасы саяси жағдайының тұрақсыздануының себебіне айналды. Ескі саяси формациялар жоғалып, жаңалары пайда болды. Мысалы, Конго, Анголадағы орныққан португалдықтармен болған соғыстардан мүлде әлсіреп қалды. Оңтүстікке қарай орналасқан Нзинго деген патшайымы бар Нгонго Корольдігі өзіне Матамба мемлекетін қосып, күшейді. Нзинги әскерінің қарсылығының арқасында португалдықтар құрлыққа ене алмады.

Нзинга патшайым шамамен 1620 жылы Луандада (Ангола) португалдық губернатормен келіссөз жүргізіп отыр. Аңыз бойынша, саяси деңгейі тең саяси басшы ретінде, губернатор патшайымға орындық бергізбей қойған кезде, ол өзін кемсітуге мүмкіндік бермеді. Керісінше, билігін және келіссөз жүргізу шеберлігін паш етті.

Батыс Африкада, Нигер жазығында экономикалық өмірі құлдармен байланысты болған мемлекеттер пайда болып, саны артты. Мұндай корольдіктер қатарында сауда жолдарына



бақылау орнату үшін тұрақты соғыстар жағдайындағы Ойо и Дагомея болды. Қазіргі Гананың аумағындағы Ашанти, өз көршілерін бағындырып, аймақтық гегемонға айналды.

Африкалықтар үнемі қиын тағдырына қарсылық білдіретін. Португалдық қант плантаторлары XVII ғасырда Сан-Тома аралын тастап кетуге мәжбүр болды. Себебі қашқан құлдар партизандық әдіспен тауларға бекініп, соғыс жүргізді. Солтүстік және Оңтүстік Америкада ерлер мен әйелдер бас көтеріп, құлдар арасында қарапайым іріткі жүргізуден бастап, бақылаушыларға шабуыл жасап, құпия діни немесе этникалық ұйымдар құрып, ашық көтерілістер ұйымдастырды. Сол сияқты құлдар қашып кетіп те, қарсылық білдірді. Оңтүстік Америка мен Кариб аралдарында қашықта орналасқан, жасырын, португал тілінде «*macombos*» (макомбо) және ағылшын тілінде «*maroon societies*» («марон қоғамдары») деп аталатын, қашып кеткен құлдар қауымдары құрылды. Осы қауымдардың кейбірі он екі адамнан аспайтын; келесілері халқының саны бойынша еуропалық отарлармен бәсекелесті. Ең танымал макомбо – Солтүстік-Шығыс Бразилияның шалғай аймақтарындағы қалалар кластері – Палмарис. XVII ғасырдың екінші жартысында бұл елді мекенде он мыңдаған тұрғын болды. Палмарис, шын мәнінде, королі, ақсүйектер консулдығы, атыс қаруымен қаруланған әскері мен қорғаныс бекіністері бар Африкалық мемлекет еді. Ауылдары түрлі дақылдарды, соның ішінде қант қамысын да өсірді. Олардың кейбірінің өз құлдары болып, солардың қатарын толтыру үшін сирек жағдайда еуропалықтардың плантацияларына шабуыл жасайтын. 1670 жылдары португалдық әскерлер бірқатар шабуылдар жасап, 1694 жылы Палмаристі жаулап алды.

Атлантикалық Африкадағы өзгерістер

Жаһандық экономиканың қайта құру процестеріне кейінге қарай отырып, оның эффектілері туралы не айтуға болады? Жаңа жүйе Батыс жартышарының халықтары үшін ең қайғылы болды. Олар өлім жағдайында қалды; тірі қалғандары іс жүзінде алыс пен өзіне бөтен биліктің басқаруында теңсіз жағдайда өмір сүрді.

Африка әлемдік сауда тартылғандықтан депопуляция және түскен байлықтың азшылықтың қолында шоғырлануымен жауап берді.

Еуропа сауданың орталығында орналасып, тез байыды және дәл солай жинақталған капиталдың бөлігін үстемдік үшін соғыстарға жұмсады.

Азия болса, негізгі тауарларды өндіруші ретінде жаңа экономикалық жүйеден көбірек пайда тапты. Мануфактураның сатуынан түскен күміс армияларды құру мен бюрократияны күшейтуге жұмсалды. Олар еуропалық көпестерге шарттарды қойып, батыс ойыншыларын аймақта кең отарлық империяларды құру ұмтылыстарынан ұстап қалуға тырысты.

Сұрақтар

1. Америка құрлығындағы жұмыс күшінің жетіспеушілік мәселесі қалай шешілді?
2. Әлеуметтік құлдық дегенді қалай түсіндіңіз?
3. Колумб экспедициялары нәтижесінде қандай шаруашылық дами бастады?
4. Қант құрағының «лабораториясы» деп қай жер аталды?
5. Португалдықтар ұсынған «үшбұрышты сауда» нені білдіреді?
6. Меркантилизм саясаты Атлантикада қалай көрініс тапты?

Әдебиеттер

1. David Eltis, «Free and Coerced Transatlantic Migrations: Some Comparisons», *American Historical Review* 88, no. 2 (April 1983), 255.
2. Philip D. Curtin, *The Rise and Fall of the Plantation Complex* (Cambridge: Cambridge University Press, 1990), 39–40.



3. Paul E. Lovejoy, *Transformations in Slavery: A History of Slavery in Africa*, 2nd ed. (New York: Cambridge University Press, 2000), 47.

4. *Ibid.*, 63.

5. Venture Smith, *A Narrative of the Life and Adventures of Venture, a Native of Africa* (New London, CT: C. Holt, 1798), 10–11.

6. G. I. Jones, ed., «Olaudah Equiano of the Niger Ibo», in Philip D. Curtin, ed. *Africa Remembered: Narratives of West Africans from the Era of the Slave Trade* (Madison: University of Wisconsin Press, 1968), 95.

7. Geoffrey Parker, «Crisis and Catastrophe: The Global Crisis of the Seventeenth Century Reconsidered», *American Historical Review* 113, no. 4 (Oct. 2008): 1053–1079.